# Өзара ынтымақтастық туралы
# МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, директордың м.а. Шер Раиса Петровна тұлғасында бірінші тараптан, және «NURY MUR PRODUCTION» ЖШС, бас директоры Сарсенбаев Мұратжан Әкежанұлы тұлғасында екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар» деп аталып, аталмыш өзара ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.

Қос тарап та, тұлғаның шығармашылық құзыреттілікте, балаларға үздіксіз білім беру және тәрбиелеуде, кәсіптік өзін өзі анықтауда бәсекелестік қабілеттерін қалыптастыру мақсатында балаларға қосымша білім беруді дамыту саласында, оның ішінде балалардың техникалық шығармашылығы мен өнертапқыштығын, экологиялық тәрбиесін, музыкалық және көркем-эстетикалық дамуында ынтымақтастық қатынасты орнатуда мүдделі екендігін ескере отырып, қосымша білімді қолдауға және дамытуға әрекет жасауда ортақ ықыласын көрсетіп, бейнесабақтар әзірлеу: бейнесабақтардың сценарийлерін әзірлеу, бейнетүсірілімдерді ұйымдастыру және жүргізу, графикалық және визуалдық арнайы эффектілерді, музыканы және дыбыстауды, аралықтау және монтаждауды қамтамасыз ету және тағы басқа бойынша келісімге келді.

Тараптар осы Меморандум ережелеріне қатысты мәселелер бойынша кез-келген тараптың сұранысы бойынша кеңес берулер жүргізеді.

Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделеді, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қояды және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Меморандум оған қос Тарапта қол қойған соң күшіне енеді және оны қос Тарапта келісім бойынша немесе бір Тараптың екінші Тарапты кем дегенде 30 күн бұрын ескерте отырып, өз қалауы бойынша жойғанға дейін әрекет етеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК мен «NURY MUR PRODUCTION» ЖШС өздеріне жоғарыда аталған, балалардың қосымша білім беру жүйесін, оның ішінде ғылыми-техникалық бағытын дамыту саласында өнімді ынтымақтастық бойынша, өзара тиімді іскерлік әріптестік міндеттемелерін алуын растайды.

Осы Меморандум қазақ және орыс тілдерінде 2017 жылғы «__» ақпанда Астана қаласында екі данада әзірленген, олар бірдей заңды күшке ие, әр Тарапқа бір-бірден беріледі.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК**

____________________Р.П. Шер

«___»_______________2017 ж.

**«NURY MUR PRODUCTION» ЖШС**

____________________М.А. Сарсенбаев

«___»_______________2017 ж.